Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
# Маяк
Районная еженедельная общественно-политическая газета

2025 жыл / год
23 қазан / октябрь
№42 (64608)
Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

## Аудан әкімі Талғат ЕРСЕЙІТОВТЫҢ құттықтауы

Құрметті жерлестер, аудан тұрғындары!

Сіздерді Ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл күн - қазақ жұрты үшін ерекше ардақ тұтар мерейлі мереке.

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен 1990 жылы қазан айының 25-і күні «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл сол кезеңдегі еліміздің егемендігі үшін жасалған алғашқы қадам болды.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлытау төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Республика күні мәртебесін қайта қалпына келтіруді ұсынды. Осылайша 13 жылдан кейін қайта жаңғырған Ұлттық мереке атап өтілуде.

Республика күні – тәуелсіздігіміздің жаршысы, оған жол ашқан тарихи оқиғаны айғақтаушы күн. Сондықтан да біз үшін бұл мереке егемен ел болып ірге қалауымыздың белгісіне айналған тарихи күнді, ұлттық рухымыздың қайта түлеген сәтін еске салатын ерекше сипатқа ие.

Елдің даму көшінде аралдықтардың да өзіндік орны бар. Аудан тұрғындарының ерен еңбектерінің нәтижесінде ауданымыздың экономикасы да дамып келеді. Әр салада жаңашыл бастамалар мен игілікті істер жүйелі жалғасын табуда.




Сіздерді Ұлттық мерекемізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, халқымызға берекебірлік, елімізге тыныштық тілеймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз мәңгі болсын!

## УВАЖАЕМЫЕ АСТРАХАНЦЫ!

От имени депутатского корпуса поздравляю вас с одним из главных национальных праздников – Днем Республики!

25 октября 1990 года была принята декларация о суверенитете страны. Этот документ стал основополагающим в деле построения независимого Казахстана. И сегодня мы по праву гордимся достижениями нашей страны в политической и экономической сферах, успехами на международной арене.

Указом Президента РК Касым-Жомарта Токаева в 2022 году дата 25 октября была вновь включена в календарь как национальный праздник.

Сегодня перед нами большая задача – построить Справедливый Казахстан. Эта высокая цель может быть достигнута только при активном участии всех казахстанцев, потому что главная опора и самое большое богатство государства – это граждане.

Отрадно отметить, что нынешний праздник встречаем с хорошими показателями по многим направлениям социально-экономического развития, с рекордным урожаем зерновых. В этой большой и кропотливой работе есть вклад каждого жителя.

Желаю вам крепкого здоровья, счастья, творческого вдохновения, трудовых свершений, плодотворной работы на благо нашей Родины! Пусть все наши начинания будут результативными, а будущее – светлым!

**Мейрам КОЖАХМЕТ,**
**председатель районного маслихата.**

## БАСТЫ МАҚСАТ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

**Өткен аптаның соңында Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Астрахан ауданының тұрғындарымен ашық диалог форматында кездесу өткізіп, азаматтарды жеке қабылдап, ауданның үздік еңбеккерлерін марапаттады.**

Астрахан ауданы егіс көлемі бойынша облыстағы ең ірі бес ауданның қатарына кіреді. Биыл аудан диқандары 550 мың тоннадан астам астық бастырып, гектарына 15 центнерден жоғары өнім алды. Бұл көрсеткіш өткен жылмен






салыстырғанда 70 мың тоннаға көп.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығына цифрлық технологияларды белсенді енгізу арқылы саланың тиімділігін арттырып, оны жаңа даму деңгейіне көтеру міндетін қойған. Бүгінде ауданда 20-дан астам шаруа қожалығы цифрландыру элементтерін қолдануда.

Ауданда жалпы құны 2,9 млрд теңгені құрайтын алты инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде 105 жаңа жұмыс орны ашылады.

Ауданда көлік инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударылуда. Қазіргі уақытта Жалтыр ауылындағы теміржол вокзалы жөнделіп жатыр, сондай-ақ, Жалтыр – Макинск және Новочеркасское – Қайнар автожолдарына орташа жөндеу жұмыстары басталды. Сонымен қатар сумен жабдықтау, жылумен қамтамасыз ету және көше жарығын жаңғырту жобалары аяқталуға жақын.

Білім беру саласында реновация бағдарламасы аясында аудандағы бес мектепке (Камышенка, Каменка, Жаңа-Тұрмыс және Жалтыр ауылдарында) күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Барлық оқу орындары орналасқан жеріне қарамастан бірдей жағдайлар мен заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Денсаулық сақтау саласында алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру бағытында шаралар жүзеге асырылуда. Жақында Старый Колутон ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория ашылды.

Су тасқыны мәселесіне қатысты тұрғындардың сұрағына жауап бере отырып, өңір басшысы келесі жылы тасқын судың алдын алу мақсатында алты ауылда кешенді жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

Атап айтқанда, Старый Колутон ауылында ұзындығы 3,6 шақырым болатын Колутон өзенінің арнасы тазартылды, ал Жалтыр, Колутон және Оксановка ауылдарында қорғаныш топырақ үйінділері нығайтылды.

Колутонда Бірлік ауылына шығатын грейдер жолының деңгейі көтерілді, ал Оксановкада табиғи сайдың арнасы тазартылып, су өткізу қабілеті арттырылды.

«Біз үлкен суды алыс жақтан-ақ тоқтатуды бастадық. Қазіргі уақытта Бұланды және Шортанды аудандарында бөгеттерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, Астрахан ауданының шекарасына дейін тасқынсуды ұстап қалу жоспарланып отыр», - деді Марат Ахметжанов.

Кездесу барысында тұрғындар жол жөндеу, әлеуметтік нысандар құрылысы және басқа да өзекті мәселелер бойынша сұрақтар қойды. Сұрақтарға нақты жауаптар берілді. Іс-шара азаматтарды жеке қабылдаумен және ауданның үздік еңбеккерлерін марапаттаумен аяқталды.

**Ақмола облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# НА ЗЕМЛЕ И В ПОЛЕ – ЕГО ПРИЗВАНИЕ

ЧЕЛОВЕК ТРУДА

**Андрей Александрович Христич, механизатор ТОО «СХП Колутон-04», знает землю, как свои пять пальцев. Для него поле, где зреет золотая пшеница – это его мир, его работа и его призвание.**

Андрей Александрович – с самых юных лет он впитал в себя не только любовь к земле, но и глубокое уважение к самому процессу труда, к хлебу, который становится результатом этого труда. В поле он чувствует себя абсолютно уверенно. Для него нет секретов в сложной механике современного комбайна. Он интуитивно ощущает, когда нужно подкрутить ту самую, казалось бы, незначительную гайку, где может понадобиться дополнительная капля масла, и как точно настроить агрегат, чтобы собрать урожай без единой, малейшей потери. Это не просто набор навыков, это искусство, отточенное годами и преданностью делу.

Его рабочий день начинается с первыми лучами солнца и заканчивается когда вечерние сумерки мягко окутывают бескрайние просторы полей. Полные доверху зерном бункеры, светящиеся от благодарности и удовлетворения лица коллег – вот настоящая награда. А еще, что немаловажно, это четкое осознание того, что его работа имеет колоссальное значение. Он не просто механизатор, он – звено в цепи, обеспечивающей продовольственную безопасность страны, он – тот, кто своим трудом наполняет наши столы.

Современное сельское хозяйство – это мир высоких технологий, требующий не только физической силы, но и постоянного совершенствования. Андрей Александрович прекрасно это понимает и не стоит на месте.

Но, как признается сам Андрей Александрович, самым главным двигателем его работы остается простая, но такая мощная сила – любовь. Любовь к родной земле, которая его кормит, и любовь к своему делу, которое приносит ему истинное удовлетворение. Без этого, убежден он, никакие технические знания и многолетний опыт не смогут достичь желаемого результата. Работа механизатора – это не просто профессия, это призвание, глубокое внутреннее призвание. Это образ жизни, полностью посвященный земле, её щедрости, и людям, которые эту землю возделывают. И, когда мы наслаждаемся ароматным, вкусным хлебом на нашем столе, важно помнить, что в этом есть немалая, неоценимая заслуга таких самоотверженных тружеников, истинных мастеров своего дела и хранителей золотой нивы.




**Соб.инф.**

# ЕЛІМДІ МЕН ЖЫРЛАП ӨТЕМ

*Елімді мен жырлап өтем,*
*Қоспаймын жырыма бөтен.*
*Бұл жыл да табысты жыл,*
*Көрсеттік біз ісімізбен.*

*Аталдық үлгілі аудан облыста,*
*Ортақпыз қашан да қуанышқа.*
*Лайым жыл табысты бола берсін,*
*Кім қуанбас бүгінгі жақсылыққа.*

*Астық жиналды биыл артығымен,*
*Оза шапты еңбекқор кәсіпкерлер.*
*Халқымыз қуанады бұл табысқа —*
*Алланың сыйы шығар, бізге берген.*

*Көрсеткіштер жаман емес ауданымда,*
*Көз салсам бүгінгі ақпаратқа.*
*Қуанады ауданның жалпы халқы —*
*«Жүлделі аудан» дегенге облыста.*

*Жыл сайын кенелейік табыстарға,*
*Жүлделі аталайық жарасқанда.*
*Аман болсын әрқашан халқым менің,*
*Гүлденсін Астрахан әрқашанда!*

*Құтты болсын табысымыз, аудан халқы,*
*Аман болсын ел басқарған азаматтары.*
*Қашан да нұры жаусын бір Алланың,*
*Сүрейік өмірді біз салауатты.*

**Серікбай ДОСЫМОВ.**

# МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАР: НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

**2025 жылы Қазақстанда мобильді аударымдарға қатысты жаңа ережелер күшіне енді. Бұған дейін тек жеке қажетке қолданылып келген онлайн ақша жіберу енді салық органдарының бақылауына алынды. Кім тексеріледі, қандай жағдайда салық төлеу керек және айыппұл мөлшері қанша?**

Мобильді аударым деген не? Қарапайым тілмен айтқанда, мобильді аударым - бір адамның банк шотынан екінші адамның шотына онлайн түрде ақша жіберу. Бұрын бұл ата-анаға ақша жіберу, досқа қарыз қайтару немесе баласына ақша салу сияқты тек жеке мақсаттарға арналған болатын.

Бірақ соңғы жылдары адамдар бұл мүмкіндікті табыс табуға, яғни кәсіпкерлік қызметке де пайдалана бастады.

Аударым мен төлемнің айырмашылығы қандай? Мобильді аударым - бір адамның жеке шотынан екінші адамның жеке шотына ақша жіберу. Мобильді төлем - кәсіпкерлік мақсаттағы арнайы тіркелген шотқа ақша жіберу.

Егер ақша кәсіпкерлік шотқа түскен болса, бұл табыс ретінде есептеліп, салық декларациясына қосылады және салық төленуі тиіс. Ал мобильді аударымдар жеке мақсаттарға арналған болса, олар салыққа жатпайды.

Мемлекет не істеп жатыр? Мемлекет 2023 жылдан бастап мобильді аударымдарды бақылау жұмыстарын кезең-кезеңімен енгізіп жатыр. Мақсат - жеке мақсаттағы аударым мен кәсіпкерлікке байланысты төлемді ажырату.

Қалай тексереді? Банк клиенттері арасынан кейбір адамдардың шоттарын таңдап, олар кәсіпкерлікпен айналыса ма, жоқ па - соны анықтайды. Егер адам бір есепшот арқылы тұрақты түрде көптеген адамдардан ақша алып отырса - күдік туады.

2025 жылдан бастап кімдер тексеріледі? 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мына 3 шарт бір уақытта орындалса, адам тексеруге ілінеді: соңғы 3 ай қатарынан; әр айда 100 немесе одан да көп адамнан ақша алған; және бұл соманың көлемі 1 миллион теңгеден асқан. Егер осы үш шарт орындалса, банктер бұл адам туралы ақпаратты Мемлекеттік кірістер комитетіне (МКК) береді.

Егер тексеруге іліксеңіз, не болады? Егер сіздің атыңыз тізімге кірсе, камералдық бақылау жүргізіледі. Бұл тексеру: сіздің декларацияңыз бар ма, жоқ па соны анықтайды; кіріс пен шығыс сәйкес келе ме соны қарайды; хабарлама салық төлеушінің кабинетіне және SMS арқылы келеді.

Егер сіз кәсіпкерлікпен айналысып жатқаныңыз анықталса, заңдастыру ұсынылады - мысалы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, алынған табысты декларациялауға болады.

Егер сіз нақты кәсіпкерлікпен айналыспағаныңызды дәлелдей алсаңыз, мәселе шешіледі. Мысалы: қайырымдылық үшін қаражат жинағандар, емделуге ақша жинағандар, мектепте ата-аналар комитетінің ақшасын жинағандар.

Айыппұлдар қандай? Егер заң бұзушылық анықталса:



Кәсіпкерлікпен тіркелмей айналысқандар - 15-тен 100 АЕК-ке дейін айыппұл (2025 жылы 1 АЕК = 3 932 теңге, яғни 59 000-393 000 теңге аралығы);

Кірісті жасыру - төленбеген салықтың 200% мөлшерінде айыппұл, қайталанса - 300%;

Чек бермегені үшін - 15-тен 50 АЕК-ке дейін айыппұл (59 000-196 600 теңге)

Қандай жағдайда ақша аударуға тыйым салынбайды? Мемлекет мобильді аударымдарға тыйым салмайды. Оларды жеке мақсаттар үшін бұрынғыша қолдануға болады.

Мысалы, мектептегі ата-аналар комитеті ақшаны мобильді түрде жинай алады; жұбайынан жиі ақша алатын ІП - тексеруге ілінбейді; бастысы - жоғарыда айтылған 3 шарттың бәрі бір уақытта орындалмаса, еш алаңдаудың қажеті жоқ.

Демек мобильді аударымдарды жеке мақсатта қолдана беруге болады. Бірақ кәсіпкерлікке пайдалансаңыз, заң талаптарын орындауға дайын болыңыз. Яғни тіркелу, чек беру, салық төлеу.

# ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ!

**«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 616-бабының 13) тармақшасына сәйкес соттарда мемлекеттік баж төлеу-ден босатылатынын Сіздің назарыңызға жеткіземіз:**

- Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының арда-герлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наград-талған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ бала жасынан мүгедектігі бар адамның, мүгедектігі бар баланың ата-анасының бірі – барлық істер мен құжаттар бойынша.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған адамдарға сот органдарына талап қою кезінде бюджетке мемлекеттік баж төлеуді жүзеге асыру талап етілмейді.

Естеріңізге сала кетейік, мемлекеттік баждың артық төленген сомасын қайтару мерзімі бюджетке мемлекеттік баждың осындай сомасы төленген күннен бастап үш жылды құрайды (Салық кодексінің 108-бабының 6-тармағы).

**Астрахан ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.**

# УВАЖАЕМЫЙ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИК!

**Доводим до Вашего сведения, что в соответствии с подпунктом 13) статьи 616 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) от уплаты государственной пошлины в судах освобождаются:**

- ветераны Великой Отечественной войны, ветераны, приравненные по льготам к ветеранам Великой Отечественной войны, и ветераны боевых действий на территории других государств,
- лица, награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны,
- лица, проработавшие (прослужившие) не менее шести месяцев с 22 июня 1941 года по 9 мая 1945 года и не награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны,
- лица с инвалидностью, а также один из родителей лица с инвалидностью с детства, ребенка с инвалидностью – по всем делам и документам.

В этой связи, вышеуказанным лицам при подаче иска в судебные органы не требуется осуществлять уплату государственной пошлины в бюджет.

Напоминаем, что срок возврата излишне уплаченной суммы государственной пошлины составляет три года со дня уплаты такой суммы государственной пошлины в бюджет (пункт 6 статьи 108 Налогового кодекса).

**Управление государственных доходов по Астраханскому району.**

# ЖЕКЕЛЕГЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

**Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 88-бабының 1-тармағына сәйкес, жекелеген қызмет түрлерімен айналысатын тұлғалар (бұдан әрі – ЖҚТ) міндетті түрде салық төлеуші ретінде тіркелуге жатады.**

Салық кодексінің 88-бабының 6-тармағына сәйкес, салық органы салық төлеушіні жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асырушы ретінде тіркеуді:

• хабарламаны ұсынған күннен бастап;

•лицензиялауға жататын қызмет түрлері бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен мәліметтер алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізеді.

ЖҚТ ретінде қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарламалар https://www.elicense.kz сайты арқылы жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген «Хабарламалар нысандарын және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы» қағидаларға сәйкес, хабарлама электрондық немесе қағаз түрінде жолданады.

Егер мекенжайдың тіркеу коды (бұдан әрі – МТК) АЖ ИС анықтамалығында жоқ болса, мүлік иесі – өтініш беруші өз нысанына мекенжай коды беруді сұрап, сәулет және қала құрылысы бөлімдеріне жүгінуі қажет немесе «электрондық үкімет» порталы арқылы өтінім бере алады: https://egov.kz/cms/ru/services/buy_sale/passP2203_mps

Бұдан басқа, "электрондық үкімет" порталында өтініш берушіге сілтеме бойынша https://egov.kz/cms/ru/services/pass668_mir жылжымайтын мүлік мекенжайын нақтылау (беру/жою) туралы анықтама қол жетімді.

**Астрахан ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.**

# ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ ЛИЦ ОСУЩЕСТВЛЯЮЩИХ ОТДЕЛЬНЫЕ ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**В соответствии с пунктом 1 статьи 88 Налогового кодекса Республики Казахстан обязательной регистрации в качестве налогоплательщиков подлежат лица, осуществляющие отдельные виды деятельности (далее – ОВД), перечень которых установлен данным пунктом.**

Согласно пункту 6 статьи 88 Налогового кодекса РК налоговый орган производит постановку налогоплательщика на регистрационный учет в качестве осуществляющего отдельные виды деятельности в течение трёх рабочих дней:

• с даты подачи уведомления;

• со дня получения сведений из государственного электронного реестра разрешений и уведомлений по видам деятельности, подлежащим лицензированию.

Уведомления о начале или прекращении деятельности в качестве налогоплательщика, осуществляющего ОВД, подаются через сайт https://www.elicense.kz.

Согласно приложению 1 к приказу Министра национальной экономики Республики Казахстан от 6 января 2015 года № 4 «Об утверждении форм уведомлений и Правил приема уведомлений государственными органами, а также об определении государственных органов, осуществляющих прием уведомлений», уведомление направляется в электронной или бумажной форме.

В случае отсутствия регистрационного кода адреса (далее – РКА) в справочнике ИС АР, заявителю - владельцу недвижимости следует обратиться в отделы архитектуры и градостроительства для присвоения кода адреса объекта недвижимости или подать заявку на портал «электронного правительства» по ссылке https://egov.kz/cms/ru/services/buy_sale/passP2203_mps.

Кроме того, на портале «электронного правительства» заявителю по ссылке https://egov.kz/cms/ru/services/pass668_mir доступна справка об уточнении (присвоении/упразднении) адреса недвижимости.

**Управление государственных доходов по Астраханскому району.**

## МЕКТЕП ЖҮРЕГІНДЕГІ ҰСТАЗҒА ТАҒЗЫМ

СЫР-СҰХБАТ

**Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде «Ұстазға деген шексіз құрмет» атты әсерлі сыр-сұхбат ұйымдастырылды. Іс-шараның қонағы – ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп, бүгінде ауылдың қадірлі ұстазы атанған, еңбегі еленген, шәкірттері үлкен азамат болып шыққан Ищанова Майра Рамазанқызы.**



Сұхбатты мектеп оқушылары жүргізіп, ұстаздың өмір жолы мен ұлағатты еңбегі жайында жылы әңгіме өрбітті. Мектептің белсенді оқушылары дайындаған сұрақтарға Майра Рамазанқызы шын жүректен жауап беріп, өз өмірінің қызықты сәттерімен бөлісті.



Майра Рамазанқызы еңбек жолын осы Петровка мектебінде бастап, сан ұрпаққа бағыт-бағдар беріп, шәкірт жүрегіне білім шырағын жаққан ардақты ұстаз. Ол өз сөзінде ұстаздық жолдың жауапкершілік пен мейірімге толы екенін, әр шәкірттің жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі екенін атап өтті. «Ұстаз болу – бақыт, ал сол бақытты сезіну үшін әрбір шәкіртіңді өзіңнің перзентіңдей көруің керек», – деді ол толғаныспен.

Сұхбат барысында қонағымыз немере сүйген әже ретінде отбасылық құндылықтар мен бала тәрбиесінің маңызына да тоқталды: «Бала – жаннан тәтті, ал немере – одан да тәтті. Бала тәрбиесінде ең бастысы – мейірім мен үлгі. Балалар ата-ананың емес, іс-әрекеттің айнасы», – деді Майра Рамазанқызы. Ол ата-аналарға үлкендердің өнегесінің қаншалықты маңызды екенін, кіші буынға дұрыс бағыт-бағдар берудің міндетті екенін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, ол жас ұрпаққа өз кеңесін айтып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің, адал еңбек етудің өмірлік қағидасы екенін жеткізді. «Бүгінгі жастар – ертеңгі еліміздің болашағы. Сендерге сенемін, еңбектерің жемісті болсын, биік белестерді бағындырыңдар», – деп жастарға ізгі тілегін білдірді.

Сұхбат соңында дәстүр бойынша қонақ көде сұралып, Майра Рамазанқызы өзінің орындауындағы әсерлі «Әке туралы жыр» әнін тарту етті. Әннің жүректен шыққан терең мағынасы барша жиналған қауымды бей-жай қалдырмады. Іс-шара соңында ұстаз оқушылар мен немерелеріне жүрекжарды ақ батасын беріп, жақсы тілек айтты.

Мектеп ұжымы мен оқушылар ардақты ұстазға зор алғыстарын білдіріп, естелік гүл шоқтарын, алғыс хатын табыстады. Бұл кездесу ұстаздың шәкірттері үшін үлкен тәрбиелік мәні бар, естен кетпес сәт болып қалары сөзсіз.

**Ерлан НУРДУЛЛАЕВ,**
**Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

## КЕЛІСІМСІЗ НЕКЕ – ҚЫЛМЫС

**Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары – ұлттың рухани байлығы, мәдени қазынасы. Бірақ, өкінішке қарай, сол ұлы мұраның кейбір бүгінгі қоғамда бұрмаланып, адамгершілік пен заңға қайшы әрекеттермен шатастырылып жүр. Соның бірі «қыз алып қашу» мәселесі. Кей адамдар мұндай әрекетті «дәстүр» деп ақтауға тырысады. Ал шын мәнінде қыз алып қашу ешқашан қазақтың салтыболған емес, бұл – қылмыс!**

Қазақ тарихында қыз баланың тағдырына ерекше мән берілген. «Қыздың жолы жіңішке», «Қыз – қонақ» деп, қыз баланы төрге отырғызған, оны ардақтап құрметтеген. Қызға қалың мал беріп, екі жақтың ризалығымен құда түсіп, той жасап, ел алдында батасын алып, үйлену нағыз дәстүрдің үлгісі. Ал қазіргі кезде орын алып жатқан қызды еріксіз алып қашу, зорлықпен некеге отырғызу, бопсалау дегеніміз тек моральдық қателік емес, заң бойынша ауыр қылмыс. Мұндай жағдайларда қыздың тағдыры ғана емес, оның отбасындағы ата-ананың, туыстарының, тіпті бүкіл қоғамның ар-ұяты тапталады. Бір сәттік ойсыз әрекет – бір өмірдің тағдырын өзгертеді. Кейбір алып қашу оқиғалары қайғылы жағдаймен аяқталып, қыздардың өміріне, психологиясына ауыр соққы болып жатады. Зорлыққа ұшыраған қыз бала қоғамнан оқшауланып, өзіне деген сенімін жоғалтады, ал кейбір тіпті өз өмірін қиюға дейін барады. Бұл жағдай жеке адамның емес, қоғамның трагедиясы екенін естен шығармауымыз тиіс.

2025 жылдың 16 қыркүйегінен бастап күшіне енген, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 125-1-бабында некеге тұруға мәжбүрлеу қылмыс деп көрсетілген.Қызды еркіне қарсы алып қашу, үйде ұстау, зорлық көрсету дәстүр емес, қылмыстық жауапкершілікке тартылатын әрекет.Заңды бұзған адамға жеңіл жаза жоқ.



Бұл әрекет үшін екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сондықтан әрбір ата-ана өз баласын тәрбиелеуде ең алдымен құрмет пен келісім қағидатын ұқтыруы керек.Ұл баланы ерлікке емес, әдеп пен жауапкершілікке үйрету – нағыз тәрбие. Қызды алып қашқан ер азамат батыр емес, керісінше, әлсіздік танытқан адам. Шын ер жігіт сүйгенін қорқытпай, сыйлап алады.Өз махаббаты мен ниетін ашық айтып, қыздың келісімімен отбасы құру – нағыз азаматтық пен адамдықтың белгісі. Қыз алып қашуға қоғам бейжай қарамауы керек.Өйткені ол – бір отбасының емес, елдің мәселесі. Әрбір тұрғын мұндай жағдайға куә болса, құқық қорғау органдарына хабарлап, әділдікті талап етуі тиіс.Жастар да бұл мәселені дұрыс түсінуі қажет. Бақыт пен махаббат – зорлықтың емес, өзара құрмет пен келісімнің нәтижесі.

Қорыта айтқанда, қыз алып қашуды «дәстүр» деп түсіну ұлттық құндылықты қорлау, нағыз дәстүр сыйластық, ақ тілек, разылық және ізгілік. Біз ұрпақ тәрбиелеп отырған елміз. Біздің міндет қыз баланың көз жасын емес, күлкісін көру. Қаракөздеріміз бақытты болса қоғамымыз да берекелі болады деген сөз. Қыз алып қашу дәстүр емес. Бұл – қылмыс. Әркім осы ойды жүрегіне түйсе, қыз баланың қадірін сақтауға атсалысса, сол қоғамның болашағы да, мәдениеті де биік бола түспек.

## ВОЛОНТЕРЫ ЗАБОТЯТСЯ О ПАМЯТИ

МОЛОДЕЖЬ В ДЕЛЕ

**Волонтеры колледжа агробизнеса и сервиса, движимые искренним желанием внести свой вклад в сохранение исторической памяти, приняли участие в благородном деле – уборке и благоустройстве памятников в селе Астраханка.**



Волонтеры отправились к памятникам в Астраханке, чтобы привести их в порядок. Это ведь не просто места, где что-то написано, это - наши герои, те, кто защищал нас и наше село. И наши ребята решили отдать им должное.

«Мы хотим, чтобы эти памятники выглядели достойно, – говорит волонтер, одна из тех, кто помогал. - Это ведь история нашего села, и мы должны ее уважать».



Мы очень рады, что у нас есть такие активные и неравнодушные студенты. Они показывают всем, что молодежь готова помогать и делает это с удовольствием.

Для колледжа агробизнеса и сервиса участие в подобных мероприятиях стало доброй традицией. Молодежь понимает, что процветание села и сохранение его культурного наследия – это общая задача, в которой может и должна принимать участие каждый. Волонтерская деятельность не только способствует благоустройству, но и воспитывает в студентах чувство ответственности, гражданственности и уважения к своей малой родине.

Благодаря стараниям волонтеров, памятники в селе Астраханка теперь сияют чистотой и ухоженностью. Эти обновленные места памяти станут еще более привлекательными для жителей и гостей села, напоминая о славном прошлом и о том, как важно беречь и ценить свою историю.

Молодежный ресурсный центр выражает искреннюю благодарность всем волонтерам колледжа агробизнеса и сервиса за их самоотверженный труд и активную гражданскую позицию. Ваш пример доказывает - силу, способную творить добрые дела и делать мир лучше!

**Ксения ТРЕФИЛОВА,**
**SMM-специалист молодежного ресурсного центра.**

## СОТ МЕДИАЦИЯСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ МЕН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Медиация – бұл тараптардың өзара келісімі негізінде, кәсіби бейтарап медиатордың қатысуымен жүргізілетін, дау-шарларды сотқа дейінгі немесе сот ішіндегі тәртіппен реттеуге бағытталған рәсім. Медиацияның құқықтық негізі 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Аталған заң елімізде медиация институтын енгізудің және дамытуының негізгі алғышарттына айналды.**



Сот медиациясы — бұл тараптар арасындағы дауды (жанжалды) сот қарауына берілгеннен кейін, бірақ сот шешімі шыққанға дейін, медиатордың көмегімен бейбіт жолмен шешуге бағытталған рәсім. Бұл тәсіл Азаматтық процестік кодексте, Қылмыстық-процестік кодексте, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте қарастырылған.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Заңнамада сот медиациясын қолдануға жол берілетін нақты істер санаты белгіленген. Атап айтқанда:

- азаматтық-құқықтық даулар (отбасылық, еңбек, мүліктік, шарттық қатынастар);
- онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстық істер;
- кейбір әкімшілік құқық бұзушылық істері (мысалы, татуласуға жататын істер).

Сот медиациясы тараптар үшін бірнеше маңызды артықшылықтарға ие:

1. Дауды тиімді әрі жедел шешу – сот процесімен салыстырғанда уақыт пен шығындарды едәуір үнемдейді.
2. Тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтау – әсіресе отбасылық және іскерлік қатынастарда маңызды.
3. Психологиялық жүктемені азайту – сот процестеріне тән шиеленісті төмендетеді.
4. Сот жүктемесін оңтайландыру – сот жүйесінің тиімділігін арттырады.

Сот медиациясы Қазақстанның сот жүйесінде біртіндеп орнығып келеді. ҚР Жоғарғы Сотының және өңірлік соттардың тәжірибесіне сүйене отырып, соңғы жылдары азаматтық және отбасылық істерде татуластыру рәсімдерін қолдану айтарлықтай артқаны байқалады.

2021 жылдан бастап елімізде Татуластырушы судьялар, татуластыру кабинеттері сияқты бастамалар жүзеге асырылып, медиацияны сотқа дейінгі және сот ішіндегі кезеңде белсенді қолдану механизмі кеңейтілуде. Сонымен қатар, Жоғарғы Сот Электрондық медиация платформаларын енгізу арқылы процессті цифрландыру бағытында қадамдар жасауда.

**К.АБЕНОВА,**
**сот әкімшісінің басшысы.**

**26 ОКТЯБРЯ - ДЕНЬ РАБОТНИКОВ СИСТЕМЫ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ**

# СПАСИБО ЗА БОЛЬШОЕ СЕРДЦЕ И ПРЕДАННОСТЬ ДЕЛУ

**День работников системы социальной защиты отмечается в Казахстане в последнее воскресенье октября.**

В этот день свой профессиональный праздник отмечает, так же как и все работники сферы социальной защиты, коллектив Карьерного центра Астраханского района, где для безработных граждан обеспечивается адресный и индивидуальный подход. Для каждого гражданина, обратившегося в карьерный центр, проводиться диагностика его уровня и качества навыков, профессиональная ориентация и определяется индивидуальный план его трудоустройства.

В работе с соискателями мы перешли от заявительного характера на проактивный формат работы. Изменились подходы в работе с сообществом работодателей. Для них введен упрощенный и многоканальный порядок регистрации вакансий без обязательного личного посещения, на портале Енбек.kz. Консультантом и ассистентами по социальной работе проводится подворовой обход граждан в каждом населенном пункте района, выявление семей находящихся в трудной жизненной ситуации.

В нашем коллективе трудятся специалисты по содействию занятости Баяхметова У. К., Аскарова Б.С., Амангельдин И.А., специалист




по взаимодействию с работодателями Темиреева Б.А., а также консультант по социальной работе Кантемирова Е.Н. и ассистенты по социальной работе Мадынская Е.А., Сейтказина Б.А., Кудайбергенова Ж.Р., Жаканова Е.Ш., Главатских В.С., Кунгурцева Л.А., Слабий И.Ю., Чистякова Т.И., Бахманова Б.К., Амреева Б.А. и Беспаева Д.Т.

В преддверии профессионального праздника хочу поздравить своих коллег, а также всех работников сферы социальной защиты.

Примите самые тёплые и искренние поздравления с профессиональным праздником - Днём работника системы социальной защиты населения Республики Казахстан!

Этот день - знак общественного признания вашего благородного труда, высокого профессионализма, человечности и самоотдачи.

Вы - те, кто каждый день помогает людям справляться с трудностями, не остаться один на один с проблемами, почувствовать, что они не забыты и не одиноки.

С праздником вас, уважаемые коллеги!

Спасибо за ваше большое сердце и преданность делу!

**Жанар МУХАМЕДЖАНОВА, директор филиала «Карьерный центр Астраханского района» КГУ «Центр трудовой мобильности по Акмолинской области управления координации занятости и социальныхпрограмм Акмолинской области.**

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

**Ауыл – елдің тірегі, ал ауыл шаруашылығы – мемлекеттің тұрақтылығының негізі. Осы қағиданы ұстанған Астрахан ауылының орталық алаңы ерекше қарбаласқа толып, ауқымды ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне көрік берді.**

Жәрмеңке алаңына Астрахан ауданының түкпір-түкпірінен шаруалар мен өңдеуші кәсіпорындар өз өнімдерін әкелді. Сауда орындары табиғи тағамдардың молшылығымен ерекшеленді. Тұрғындар дәмі мен сапасымен танымал жергілікті балды, жаңа сауылған сүт өнімдерін, майға толған ет пен үй құстарының өнімдерін сатып алуға мүмкіндік алды. Әсіресе, күзгі-қысқы азық-түлік қорын жасап алу ниетті аудан тұрғындары мен қонақтары көкөніс сөрелеріне ерекше қызығушылық танытты.

Сатып алушылардың айтуынша, жәрмеңкедегі бағалар базардағыдан әлдеқайда қолжетімді болды. Бұл – шаруалардың өнімін тікелей тұтынушыға жеткізуінің арқасында мүмкін болған игілік. Сатушылар мен сатып алушылар арасындағы ашық әңгімелер, өнімнің қалай өсірілгені туралы кеңестер алмасу –




жәрмеңкенің ерекше мәдени бөлігіне айналды.

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін ресми ашу барысында ардагерлер кеңесінің төрағасы Жаңбырбай Орман сөз сөйледі. Өз сөзінде Жаңбырбай Орман мерекелік күндердің маңызына тоқталып, еңбек ардагерлеріне деген мемлекеттің және ауылдың қамқорлығын ерекше атап өтті. Біздің бүгінгі молшылығымыз – сіздердің жастық шақта төккен тердеріңіздің жемісі. Ол барлығына зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр, ал жастарға осы жердің байлығын әрі қарай көбейтуді тіледі.

Тек сауда-саттық қана емес, ауыл тұрғындарының рухани сұранысын қанағаттандыру да жәрмеңкенің басты мақсаты болды. Шараның екінші бөлігінде арнайы сахнада концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Аудандық мәдениет үйінің және жергілікті көркемөнерпаздар тобының қатысуымен өткен концертте қазақтың дәстүрлі әндері мен заманауи композициялар орындалды.

Астрахан ауылында өткен бұл ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі тек экономикалық маңызға ие болды, сонымен қатар ауыл бірлігін, дәстүр мен мерекені құрметтеуді көрсететін үлгілі іс-шараға айналды.

**Арман ЖАПАРОВ.**





# МЕТОДЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ

**В настоящее время коррупция является одной из основных проблем современного общества, напрямую влияющей на уровень жизни и достаток граждан. Ни одно государство в мире полностью не искоренило коррупцию, удается лишь снизить ее уровень. Отрадно, что наше государство активно борется с данным социальным злом, ярким подтверждением этому являются меры, принимаемые для ее снижения.**

Стоит отметить, что в 2022 года утверждена Концепция антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022 - 2026 годы. С момента принятия Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015-2025 годы, проведена колоссальная работа по минимизации коррупции в нашем государстве.

Так, Законом РК «О государственной службе Республики Казахстан» обеспечен переход к «карьерной» модели государственной службы, внедрены принципы меритократии через механизмы открытого конкурсного отбора, продвижения на основе компетентности. Сокращены условия для командных перемещений, фундаментально пересмотрена система оценки эффективности государственных служащих, проведено апробирование новой системы оплаты труда в зависимости от результатов работы.

Благодаря данным нововведениям у всех граждан есть возможность занять желаемую должность вне зависимости от его материального, социального положения и статуса; наличие родственных связей и знакомств в верхних эшелонах власти также не влияет на его трудоустройство. То же самое касается и действующих государственных служащих при продвижении их по службе.

Введение новой системы оплаты труда для государственных служащих весьма положительно сказывается на формировании нулевой терпимости к коррупционных правонарушениям.

Стоит отметить, что для противодействия коррупции активно используется потенциал общественности, усилен общественный контроль, представленный целым рядом неправительственных организаций. При Агентстве по противодействию коррупции созданы Специальные мониторинговые группы, которые состоят из представителей общественности, главная их цель - оценка реализации Антикоррупционной стратегии.

Одним из важнейших факторов противодействия коррупции является автоматизация



бизнес-процессов. Государственная программа «Цифровой Казахстан» призвана создать удобства для получения государственных услуг казахстанцев, а также исключить прямой контакт при обращении в государственные органы.

На сегодняшний день получить государственную услугу можно по принципу «одного окна», достаточно обратиться в центры обслуживания населения либо через Портал Электронного Правительства (www.egov.kz).

Помимо профилактических мер, также усилена ответственность за коррупцию и обеспечение неотвратимости наказания. Введен пожизненный запрет на трудоустройство на государственную службу и в субъекты квазигосударственного сектора для лиц, совершивших коррупционные преступления.

Помимо всего прочего, для осужденных за тяжкие и особо тяжкие коррупционные преступления исключена возможность применения условно-досрочного освобождения. Установлен запрет на отбытие наказания за взяточничество сразу в учреждении минимальной безопасности.

Введен институт персональной ответственности руководителей государственных органов, организаций, субъектов квазигосударственного сектора за коррупцию подчиненных. Руководитель несет ответственность за действия своих подчиненных; зарегистрированные факты совершения ими коррупционных правонарушений свидетельствуют о слабой профилактической работе и отсутствия контроля со стороны руководства.

Коррупция – одна из важнейших угроз национальной безопасности государства, наряду с терроризмом и снижением уровня обороноспособности страны. Неспроста данному вопросу уделяется особое внимание со стороны Президента Республики Казахстан и Правительства. Искоренение коррупции в государстве положительно сказывается на всех сферах жизнедеятельности: здравоохранение, образование, социальное обеспечение и так далее.

Противостоять этому недугу – обязанность каждого гражданина страны!






# ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҒЫН СЕЗІНУ

**25 қазан – халқымыздың жүрегінде айрықша орны бар мереке, Республика күні. Бұл күн – ел тәуелсіздігіне бастау болған тарихи сәт, мемлекетіміздің іргетасы қаланған күн. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы қабылданды. Бұл – халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке алғашқы нақты қадамы еді.**



Декларацияда Қазақстанның өз жеріне, табиғи байлығына, ішкі және сыртқы саясатына дербес иелік ету құқығы айқын көрсетілді. Сол күннен бастап ел тағдыры жаңа бағытқа бас бұрды. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына жол ашқан тарихи белес болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2022 жылы Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайтарылды. Бұл шешім – ел тарихына деген құрметтің, ұлттық бірегейлікті дәріптеудің айқын көрінісі.

Бүгінде Республика күні – еліміздің бірлігі мен тұрақтылығының символына айналды. Әр қазақстандық үшін бұл мереке – елге деген сүйіспеншілікті, тәуелсіздік құндылығын сезінудің күні болып табылады. Республика күні – халықтық мереке. Қазақстан Республикасына деген әрбір азаматтың мақтаныш сезімі оянып, еліне тамсанатындай реті бар. Ел бірлігін сақтауда татулықтың үлкен байлық екендігін бүгінде Қазақстан халқының барлығы айқын сезінеді. Қазіргі таңда Қазақстан көптеген елдермен теңесіп, беделді мемлекет қатарында екенімізді ауыз толтырып айта аламыз.

Республика күні – бұл тек саяси маңызы бар күн ғана емес, сонымен қатар қазақстандықтардың жаңа жетістіктерге ұмтылысын, елдің даму жолындағы жауапкершілігін еске салатын маңызды кезең. Біздің Отанымыз – көп ұлтты, мәдениеті бай, тарихы терең ел. Осы байлықты сақтап, келешек ұрпаққа аман-есен жеткізу – әр азаматтың қасиетті парызы. Тәуелсіздіктің қадірін біліп, еліміздің өркендеуіне үлес қосу – әрбір жанның міндеті.

Адамзаттың парызы – туған Отанын гүлдендіріп, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Жаны жайсаң азат елім, қазағым, көк туымыз көгімізде желбіреп, әрбір күніміз шаттыққа толы болсын. Бұл атаулы мерекеде отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға табыс тілеймін! 25 қазан Республика күні құтты болсын!

**Гульмира ТАЙШИБАЕВА,**
**тілдерді оқыту орталығының әдіскері.**

# ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР

МЕРЕЙТОЙ

**Қазан айының шуақты күндерінде Астрахан ауылында өмірінің бәрін еңбекке арнаған, ел құрметіне бөленген ардақты азамат – Жылқайдар Қайыржанұлы Қайыржанов 85 жасқа толып отыр.**

Жылқайдар Қайыржанұлы Астрахан ауылында дүниеге келген. Осы ауылдың мектебін тәмамдаған соң, еңбек жолын «Степная Воля» колхозында жүргізуші болып бастайды. Ол кезде ол ЗИС-5 маркалы көлігін айдап, табандылықпен еңбек етті. Екі жыл өткен соң бірнеше шаруашылық бірігіп, «Образцовый» совхозы құрылған кезде, Жылқайдар Қайыржанов сонда жұмысын жалғастырды.



1962 жылы ол білімін жетілдіру мақсатында Целиноград қаласындағы автокөлік жолдары техникумына оқуға түсіп, 1964 жылы тәмамдайды. Сол жылы туған жеріне оралып, совхозда механик болып қызмет етеді. Сол кезеңде өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында оны аудандық партия комитетіне нұсқаушы етіп шақырады. Ол бес бастауыш партия ұйымының жұмысын үйлестіріп, сенімге ие болды.

1972 жылы «Образцовый» совхозының кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайланып, 1981 жылға дейін осы қызметті атқарды.

Кейін Астрахан ауылындағы кәсіптік-техникалық училищеде шебер болып еңбек етті. Жастарды еңбекке баулып, өз тәжірибесін үйретті. Одан кейін жол бөліміне бас инженер болып тағайындалып, біраз уақыттан соң қайтадан кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін атқарды.

Совхоз таратылғаннан кейін ол аудандық көші-қон мәселелері бойынша бас маман ретінде еңбек етті. 2005 жылы зейнеткерлікке шыққан ардагер бүгінде ел қатарлы бейнетінің зейнетін көріп отыр.

Жылқайдар Қайыржановтың өмір жолы – маңдай термен келген табыстың, адал еңбектің жарқын үлгісі. Ол елге қызмет етуді, еңбектің қадірін жастарға үлгі етіп келеді.

Айтулы мерейтойы еліміздің маңызды мерекесі - 25 қазан - Республика күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл күннің символдық мәні ерекше. Жылқайдар Қайыржанов өз естелігінде былай дейді: «Біз түрлі кезеңдерді бастан өткердік. Бірақ елдің болашағына, еңбектің күші мен берекесіне сеніміміз ешқашан үзілген емес.

Бүгін Тәуелсіз Қазақстанның дамып, нығайып келе жатқанын көріп, сол жолға қосқан еңбегімізге қуаныштымын».

Өз еңбегімен ел құрметіне бөленген Жылқайдар Қайыржанов – өнегелі өмір иесі.

**Арман ЖАПАРОВ.**

# ОТКРЫЛАСЬ ВРАЧЕБНАЯ АМБУЛАТОРИЯ

**В селе Старый Колутон нашего района открылась новая врачебная амбулатория, построенная в рамках национального проекта «Модернизация сельского здравоохранения».**







Новое медицинское учреждение призвано обслуживать более тысячи сельчан, что делает его ключевым звеном в системе первичной медико-санитарной помощи. Прежние условия, связанные с устаревшим зданием 60-х годов, были далеки от современных стандартов, создавая трудности как для медицинского персонала, так и для пациентов. Теперь же жители могут рассчитывать на качественное обслуживание в комфортных и оснащенных по последнему слову техники условиях.

